

**Е. Ж. Тоқтабеков, әкімшілік құқық және ішкі істер органдарының әкімшілік қызметі кафедрасының оқытушысы**  
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

### **Әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуда заң талаптарына сай қолданылатын шаралар**

*Аннотация. Мақалада әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу қарастырылады.*

*Түйін сөздер: құқық бұзушылық, әкімшілік полиция, құқық бұзушылық профилактикасы, мәжбүрлеу шаралары, әкімшілік мәжбүрлеу, әкімшілік жаза қолдану, мемлекеттік мәжбүрлеу, әкімшілік мәжбүрлеу шараларының кешені.*

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына біздің қоғамымызда жол алатын құқық бұзушылықпен және қылмыспен күресу, сонымен қатар қылмысты жасауға әкелетін себептер мен жағдайларды анықтау міндеттер мен әкімшілік шаралар қолдану өкілеттігі белгіленген. Осы міндеттерді шешуде ерекше орын әкімшілік полиция қызметіне беріледі. Әкімшілік полиция қызметінің құқықтық негіздері болып табылатын; Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі, «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» және «Ішкі істер органдары туралы» Заңымен бекітілген. Жоғарыда аталған «Құқық бұзушылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына байланысты құқық бұзушылық профилактикасының мәжбүрлеу шаралары көрсетілген. Әкімшілік мәжбүрлеу басқару әдісі ретінде адамдардың санасына және мінез-құлықтарына психикалық, материалдық немесе физикалық ықпал етуді білдіреді. Мемлекеттік басқару сферасында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қорғау құралы, амал-тәсілі ретінде пайдаланылады, жазалау функциясын атқарады.

Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы іс-шараларға:

- медициналық сипаттағы мәжбүрлеу;
- құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу;
- профилактикалық есепке алу және тағы басқа әкімшілік жаза қолдану жатады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамға әкімшілік жаза қолданумен қатар осы адамның жаңадан құқық бұзушылық жасауының алдын алу мақсатында әкімшілік құқықтық ықпал етудің мынадай шаралары қолданылуы мүмкін: жол жүрісі ережелерінің білуін тексеру, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары, құқық бұзушының мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу. Әкімшілік мәжбүрлеу басқару әдісі ретінде адамдардың санасына және мінез-құлықтарына психикалық, материалдық немесе физикалық ықпал етуді білдіреді. Мемлекеттік басқару сферасында құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету және қорғау құралы, амал-тәсілі ретінде пайдаланылады, жазалау функциясын атқарады. Мемлекеттік мәжбүрлеу, бұл оның жекеленген түрлеріне белгілі дифференциация жасамайды. Құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастардың алуан түрлілігі оларды қорғау мақсатында мемлекеттік мәжбүрлеудің әртүрлі түрлерін қолдану қажеттілігімен байланыстырады. Мәжбүрлеудің осы түрлері бір-бірінен өз мазмұны бойынша, негіздері бойынша, жүзеге асырылу тәртібі бойынша ажыратылады. Әкімшілік мәжбүрлеу — бұл құқыққа қайшы әрекеттерді тоқтату, әкімшілік теріс қылықтар үшін жауапкершілікке тарту немесе қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында азаматтардың, лауазымды тұлғалардың заңды міндеттерін орындауға итермелейтін, мәжбүрлеуден тұратын заңмен белгіленген шараларды мемлекеттік басқару органдарының қолдануы.

Әкімшілік мәжбүрлеу — біртекті ұғым емес, керісінше құқықтық тәртіпті қорғау мақсатында өкілетті құқық қолданушы субъектілермен қолданылатын ықпал етудің әкімшілік-құқықтық амал-тәсілдердің, құралдардың жиынтығынан құралатын күрделі

ұғым. Әкімшілік мәжбүрлеуді қолдану негізі болып, заң бойынша, әкімшілік құқық бұзушылықты жасау немесе әкімшілік мәжбүрлеу шаралары қандайда болмасын қауіпті салдарлардың туындауының алдын алу үшін, ескерту үшін пайдаланатын, құқық нормасында көзделген ерекше жағдайлардың (мысалы, індет, (эпидемия), эпизоотия, табиғи апаттар немесе басқа да табиғи апаттар) басталуы болып табылады. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының кешені алуан түрлі. Олардың барлығын мақсаттары, негіздері және қолданылу тәртібі бойынша бөлуге болады, осы аталғандардың барлығы әкімшілік мәжбүрлеу шараларын топтау үшін объективті алғышарттар болып табылады. Қандайда болмасын шаралардың мәжбүрлеу жүйесіндегі орны ең алдымен, оның сәйкес қоғамдық қатынастарға ықпал ету тәсіліне байланыстырылған оның мақсатымен анықталады.

#### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются вопросы применения административных мер принуждения, а также профилактики правонарушений.

#### **RESUME**

In this research article discusses the use of administrative coercive measures, as well as issues of crime prevention.